

## **Төтенше жағдайлар орын алғанда құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүзеге асыру тәртібі туралы**

Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 219 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1997 жылғы 30 желтоқсанда N 3 болып тіркелді

Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бөлімінде өзгерістердің орын алуына байланысы және тұрғындарды, өндірістік сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдағы объектілерді төтеше жағдайлардан қорғау шараларын тиімді орындау, авариялық-құтқару қызметінің күші мен құралдарын, қаладағы құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүзеге асыру үшін ұйымдасу, жоспарлау мен дайындау мақсатында Алматы қаласының әкімі

### **шешім қабылдады:**

1. Құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүзеге асыру үшін секторлардың шекаралары бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Секторлардың бекітілген шекараларына сәйкес, аудандардың әкімдері өз шешімімен учаскелердің шекараларын анықтап, өздерінің шекараларын анықтап, өздерінің орынбасарларын секторлардың коменданттары, ал құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды ұйымдастырып, жүзеге асыруға жауапты кәсіпорындардың басшыларын учаске коменданттары етіп тағайындасын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармаға жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і н і н  
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і  
N 2 1 9 ш е ш і м і н е  
N 1 қосымша

## **Құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін Алматы қаласындағы әкімшілік аудандардың секторлары шекараларының СИПАТТАМАСЫ**

### АЛМАЛЫ АУДАНЫ

N 1 сектор

Үлкен Алматы өзені арнасының жартысынан Рысқұлов даңғылындағы көлікжүретін жол осінің бойымен шығыс бағытында Аэродромная көшесіне дейін, Рысқұлов

даңғылынан Аэродромная көшесіндегі көлік жүретін жол осінің бойымен оңтүстік бағытта Байзақов көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысына дейін; Байзақов көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысынан Райымбек даңғылы осінің бойымен батыс бағытында Үлкен Алматы өзенінің қиылысына дейін; Райымбек даңғылы мен Үлкен Алматы өзенінің қиылысынан солтүстік бағытта, өзен арнасының ортасына дейін.

#### № 2 сектор

Райымбек даңғылы мен Үлкен Алматы өзенінің қиылысынан Байзақов көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысына дейін Райымбек даңғылының көлік жүретін бөлігі осінің бойымен шығыс бағытында; Байзақов көшесі мен Рысқұлов даңғылының қиылысынан Розыбакиев көшесінің көлік жүретін бөлігі осінің бойымен оңтүстік бағытта Абай даңғылының қиылысына дейін Розыбакиев көшесі мен Абай даңғылы осінің қиылысынан Абай даңғылының бойымен батыс бағытында С.Ковалевская көшесінің қиылысына дейін.

С.Ковалевская көшесі мен Абай даңғылының қиылысынан С.Ковалевская көшесі осінің бойымен Төле би көшесінің қиылысына дейін.

Ары қарай Төле би көшесі осінің бойымен батыс бағытында Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзені арнасының бойымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін.

#### № 3 сектор

Розыбакиев көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысынан Райымбек даңғылы осінің бойымен Аэродромная көшесінің қиылысына дейін, одан ары Аэродромная көшесі осінің бойымен Гоголь көшесінің қиылысына дейін, ары қарай Весновка өзені арнасының бойымен оңтүстік бағытта Абай даңғылының қиылысына дейін, ары қарай Абай даңғылы осінің бойымен Розыбакиев көшесінің қиылысына дейін, ары қарай Розыбакиев көшесі осінің бойымен Райымбек даңғылының қиылысына дейін.

#### № 4 сектор

Аэродромная және Гоголь көшелерінің қиылысының Гоголь көшесі осінің бойымен Фурманов көшесіне дейін, ары қарай Фурманов көшесі осінің бойымен Абай даңғылына дейін; Фурманов көшесі мен Абай даңғылының қиылысынан Абай даңғылы осінің бойымен батыс бағытында Весновка өзенінің қиылысына дейін, ары қарай Весновка өзені арнасының бойымен солтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін.

### ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

#### № 5 сектор

Қонаев атындағы канал мен солтүтік-батыстағы қалалық шекараның қиылысынан Қонаев атындағы канал осінің бойымен оңтүстік-шығыс бағытындағы Үлкен Алматы өзені арнасының ортасына дейін; Қонаев атындағы каналдан Үлкен Алматы өзені арнасының бойымен оңтүстік бағыттағы Төле би көшесінің көлік жүретін бөлігінің осіне дейін, ары қарай Төле би көшесінің осінен Сайын көшесінің осіне дейін; Сайын

көшесінің осімен оңтүстік-батыстағы қалалық шекараға дейін, ары қарай қаланың батыс шекарасы мен Қонаев каналының қиылысына дейін.

№ 6 сектор

Үлкен Алматы өзені мен Төле би көшесі осінің қиылысынан С.Ковалевская көшесінің осіне дейін; ары қарай С.Ковалевская көшесі осінің бойымен оңтүстік бағытында Абай даңғылына дейін, Абай даңғылы осінің бойымен оңтүстік-батыс бағытында Үлкен Алматы өзені арнасының ортасына дейін, ары қарай Үлкен Алматы өзені арнасының бойымен оңтүстік бағытта Береговой көшесіне дейін, Береговой көшесі осінің бойымен оңтүстік-батыс бағытында қаланың оңтүстіктегі шекарасына дейін; ары қарай Сайын көшесі осінің бойымен Төле би көшесінің осіне дейін, Төле би және Сайын көшелерінің қиылысынан Төле би көшесі осінің бойымен Үлкен Алматы өзеніне дейін.

№ 7 сектор

Сайын көшесі мен қаланың солтүстік-батыс шекарасының қиылысынан батыс, оңтүстік-батыс шекараларының бойымен Береговой-Сайын көшелерінің қиылысына дейін, ары қарай Сайын көшесі осінің бойымен, солтүстік-батыс бағытында, қаланың солтүстік-батыс шекарасының қиылысына дейін.

### БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

№ 8 сектор

Шығыс бағытта Үлкен Алматы өзенінің арнасының ортасынан, Абай даңғылының жүретін бөлігінің бойымен Весновка өзенінің арнасының орта шенінен дейін;

Оңтүстік бағытта Абай даңғылының Весновка өзенінің Тимирязев көшесінен дейін; Весновка өзенінің - өзеннің арнасының бойымен Тимирязев көшесінің Жароков көшесіне дейін; Тимирязев көшесінен Жароков көшесінің бойымен Шмелев көшесіне дейін ;

Батыс бағытта Жароков көшесінен Шмелев көшесіне дейін Үлкен Алматы өзенінің арнасының ортасынан одан әрі қарай үлкен Алматы өзенінің арнасының бойымен Абай даңғылына дейін.

№ 9 сектор

Үлкен Алматы өзенінің арнасының ортасына, Шемелев көшесінің бойымен Гагарин даңғылына дейін ;

Оңтүстік бағытта Шемелев көшесінен, Гагарин даңғылының бойымен Әл-Фараби даңғылына дейін; Солтүстік-шығыс бағытта Гагарин даңғылынан Әл-Фараби даңғылының бойымен қаланың оңтүстік бөлігімен қиылысқанға дейін, әрі қарай қаланың оңтүстік бөлігінің бойымен Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін, солтүстік бағытта Үлкен Алматы өзенінің арнасының бойымен Шемелев көшесіне дейін.

№ 10 сектор

Гагарин даңғылынан Шемелев көшесінің ортасынан Жароков көшесіне дейін; Шемелев көшесінен Гагарин даңғылының бойымен Тимирязев көшесіне дейін;

солтүстік бағытта Гагарин даңғылынан, Тимирязев көшесінің бойымен Весновка өзенінің арнасының ортасына дейін, әрі қарай Весновка өзенінің арнасының бойымен Абай даңғылына дейін; Весновка өзенінің арнасынан, Абай даңғылынан Фурманов көшесіне дейін; Абай даңғылынан, Фурманов көшесінен Әл-Фараби даңғылының бойымен Весновка өзені арнасының ортасына дейін, әрі қарай қаланың оңтүстік бөлігінің бойымен "Қазақфильм" шағын ауданындағы Әл-Фараби даңғылымен қиылысқанға дейін, Әл-Фараби даңғылынан, Гагарин даңғылының бойымен Шмелев көшесіне дейін.

## ЖЕТІСУ АУДАНЫ

### № 11 сектор

Қаланың солтүстік-батыс бөлігінде қаланың шетінің Қонаев атындағы каналмен қиылысынан, шығыс бағытта қаланың шетінен, Солтүстік Шеңбер көшесінің бейтарап алқабының батыс шекарамен қиылысына дейін; әрі қарай Солтүстік шеңбер көшесінен Аэродромная көшесіне дейін, Солтүстік Шеңбер көшесінен Аэродромная көшесінің бойымен Рысқұлов даңғылына дейін; батыс бағытта Аэродромная көшесінен, Рысқұлов даңғылының бойымен Үлкен Алматы өзенінің арнасының ортасына дейін; солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылынан, Үлкен Алматы өзенінің бойымен Қонаев атындағы каналға дейін.

### № 12 сектор

Весновка өзенінен, оның екі жағының бойымен және әрі қарай Павлодарская көшесінің бойымен Палладин көшесімен қиылысқанға дейін; Палладин көшесінен, Жұмабаев көшесінің бойымен Сұлтан өзені арнасының ортасына дейін; Сұлтан өзенінің арнасынан Жансүгіров көшесінен Рысқұлов даңғылына дейін, одан әрі қарай батыс бағытта Аэродромная көшесімен қиылысқанға дейін; солтүстік-батыс бағытта Рысқұлов даңғылынан Аэродромная көшесінің бойымен Солтүстік шеңбер көшесіне дейін; солтүстік бағытта Аэродромная көшесінен Солтүстік Шеңбер көшесінің бойымен қала шетінің ортасына дейін.

### № 13 сектор

Сейфуллин даңғылынан, Рысқұлов даңғылының бойымен Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Рысқұлов даңғылынан, Кіші Алматы өзені арнасының бойымен Райымбек даңғылына дейін, одан әрі қарай батыс бағытта Райымбек даңғылынан Фурманов көшесіне дейін; Райымбек даңғылынан, Фурманов көшесінің бойынан Мақатаев көшесіне дейін; Фурманов көшесінен, Мақатаев көшесінен, Достық даңғылының бойымен Гоголь көшесіне дейін; Мақатаев көшесінен, Достық даңғылының бойымен Гоголь көшесіне дейін; батыс бағытта Достық даңғылынан, Гоголь көшесінің бойымен Весновка өзеніне дейін, одан әрі қарай солтүстік бағытта Весновка өзені арнасының бойымен Райымбек даңғылына дейін, Весновка өзені

арнасының ортасынан Райымбек даңғылының жүретін бөлігінен Сейфуллин даңғылына дейін; Райымбек даңғылынан, Сейфуллин даңғылының бойымен Рысқұлов даңғылына дейін.

#### МЕДЕУ АУДАНЫ

##### N 14 сектор

Кіші Алматы өзені арнасының ортасынан, қала шетінің шығыс және оңтүстік бөлігінің бойымен, Әл-Фараби даңғылына қиылысқанға дейін және әрі қарай шығыс бағытта Әл-Фараби даңғылынан Фурманов көшесіне дейін; оңтүстік бағытта Әл-Фараби даңғылынан Фурманов көшесінің бойынан Қажымұқан көшесіне дейін; Фурманов көшесінен, Қажымұқан көшесінің бойымен Кіші Алматы өзені арнасының ортасына дейін, шығыс бағытта Кіші Алматы өзені арнасының ортасынан қала шетінің оңтүстік шекарасына дейін, әрі қарай қала шетінің шығыс және оңтүстік шекарасының бойымен Кіші Алматы өзені арнасының ортасына дейін.

##### N 15 сектор

Солтүстік бағытта Қажымұқан көшесінен, Фурманов көшесінің бойымен Гоголь көшесіне дейін; Фурманов көшесінен, Гоголь көшесінің бойынан Кіші Алматы өзені арнасының ортасына дейін, әрі қарай оңтүстік-батыс бағытта Маяковский көшесіне дейін, оңтүстік бағытта қала шетінің оңтүстік шекарасына дейін, Маяковский көшесінен, қала шетінің батыс шекарасының бойымен қала шетінің оңтүстік бөлігіне қиылысқанға дейін, Фурманов көшесі және Кіші Алматы өзені арнасының ортасы бағытына қарай.

##### N 16 сектор

Солтүстік бағытта Гоголь көшесінен, Достық даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін; Достық даңғылынан, Мақатаев көшесінің бойымен Фурманов көшесіне дейін; Мақатаев көшесінен Фурманов көшесінің бойымен Райымбек даңғылына дейін, батыс бағытта Фурманов көшесінен, Райымбек даңғылының бойымен Кіші Алматы өзені арнасының ортасына дейін, әрі қарай солтүстік шығыс бағытта Кіші Алматы өзені арнасының бойымен қаланың шетіне қиылысқанға дейін, қала шетінің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігінің бойымен Маяковский көшесімен қиылысқанға дейін.

Маяковский көшесі мен қала шетінің қиылысынан Кіші Алматы өзені арнасының ортасына дейін, әрі қарай Гоголь көшесінің бойымен Гоголь көшесінен Достық даңғылына дейін.

#### ТҮРКСІБ АУДАНЫ

##### N 17 сектор

Қаланың орталық бөлігіндегі Весновка өзені арнасының ортасынан, қала шетінің бойымен оның солтүстік-шығыс бөлігін бойлап, Домбровский көшесімен қиылысқанға дейін, әрі қарай Домбровский көшесінің бойымен Лавренов көшесіне дейін; оңтүстік бағытта Домбровский көшесінен, Лавренов көшесінің бойымен Беренг көшесіне дейін; Беренг көшесінен теміржол бойымен I Алматы станциясы арқылы Солтүстік Шеңбер

көшесіне дейін; Солтүстік шеңбер көшесінен қала шетінің солтүстік-батыс бөлігінің бойымен Весновка өзені арнасының ортасына дейін.

№ 18 сектор

Қала шетінің солтүстік-шығыс бөлігінен, Домбровский көшесінің қиылысынан, қаланың солтүстік-шығыс бөлігінің бойымен оның Кіші Алматы өзенімен Қонаев атындағы каналмен қиылысқан тұсына дейін әрі қарай Қонаев атындағы каналдың бойымен Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылының бойымен Сүйінбай даңғылына дейін, солтүстік бағытта Заветная көшесіне дейін; Солтүстік-батыс бағытта Сүйінбай даңғылы және Заветная көшелерінің қиылысынан темір жол бойынан Лавренев және Домбровский көшелерінің қиылысына дейін, әрі қарай Домбровский көшесінен оның қаланың солтүстік-батыс бөлігімен қиылысына дейін.

№ 19 сектор

Темір жолдың Солтүстік Шеңбер көшесімен қиылысына дейін, темір жолдың бойымен шығыс бағытта I Алматы станциясына дейін, әрі қарай I Алматы - II Алматы темір жолдарының бойымен Рысқұлов даңғылына дейін; Батыс бағытта темір жолды жағалай Рысқұлов даңғылының бойымен Белинский көшесіне дейін; Солтүстік-батыс бағытта Рысқұлов даңғылынан Белинский көшесінің бойымен Солтүстік Шеңбер көшесіне дейін, әрі қарай Солтүстік Шеңбер көшесінің бойымен темір жолға қиылысқанға дейін.

*Алқа хатшысы*

*Ш. Акаева*